

«Сарыжар ЖОББМ» КММ
4 «В» сыныбының 2022-2023 оқу жылындағы
жүргізілген жұмыстарының сараптамасы

2022-2023 оқу жылының басында 4«В» сыныбында 20 оқушы болды. Оның 11-і ер бала, 9-і қыз бала. Оқу жылын осы 20/9 оқушымен аяқтады. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.

Қыркүйек айында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Өз құқығыңды білгенің, дұрыс өмір сүргенің», «Ана тілім ардағым!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар М.Әуезовтың 125 жылдығы, М. Мәметованың 100 жылдығы да атап өтілді. «Толағай» спорттық сайысқа сыныбымыздан Шүреновтер отбасы қатысып жүлделі «Балалар әлемі» атты орынмен марапатталды. Республикалық балалар оқулары байқауының қатысты. Сайын Ахмад жүлделі 1 орынмен облысқа жолдама алды. Облыстық кезеңнен 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Оқушылар түрлі сайыстарға қатысты. Республикалық «Бояулар құпиясы» атты жас суретшілер байқауына қатысып, өз жұмысымен өзгелерден үздік шыққаны үшін Шүренов Нұрасыл 2 орын дипломмен марапатталды.

Қазан айында «Жол жүру ережелерін білеміз бе?» ,« Қонақ келсе ,құт келеді», «Әдеп пен әдеп» тақырыбындағы тәрбие сағаттары мен бірге «Қазыбек бидің 355 жылдығы» атап өтілді. Қазан айында мектепте ұйымдастырылған жәрменкеге оқушылар мен ата-аналар белсене қатысты. Қазан айының 7-11-і аралығында өткізілген Республикалық “Кенгуру-математика барлығы үшін” интеллектуалды ойын-конкурсына 9 оқушы қатысып, барлығы I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталды. Сыныпта “Менің Отаным-Қазақстан!” атты тәрбие сағаты өтіп, мектептің әлеуметтік желісінде жарияланды. 4-сыныптар аралығында өткен аудандық «Кішкентай білгірлер» атты командалық олимпиадаға сыныбымыздан Қыдырбай Әлихан қатысып, команда «Алғыс хатпен» марапатталды.

Қараша айында «Мақатаев оқулары» конкурсына бірнеше оқушы қатысты. «Бала дауысы-2022» Патриоттық әндер байқауына белсене қатысқаны үшін Мұқанова Жазира марапатталды. Желтоқсан айында «Туым – теңдігім, Елтаңбам – елдігім, Әнұраным – айбыным!» және «Тәуелсіздік –тұғырым» атты тәрбие сағаты өтіп, мектептің әлеуметтік желісінде жарияланды.

4 «В» сыныбын мектепте ұйымдастырылған « Қош келдің, жаңа жыл, жаңа белес, жаңа арман» атты жаңа жыл мерекесінде «Аққалалар шеруінде» белсенділік танытып, қолөнерді жоғары деңгейде дайындағаны үшін марапаттады.

II жартыжылдықтың басында 4 «В» сыныбында 20 оқушы болды. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.

Қаңтар айында «Д.Қонаев 110 жаста», «Р.Бағланова 100 жаста», «А.Байтұрсынов 150 жыл» тақырыптарында атақты тұлғалардың өнегелі өмірлері жас ұрпақтарға насихатталды.

Ақпан айында «Тазалық - денсаулық кепілі», «Еңбекқорлық пен еріншектік», «Адамның асыл қасиеттері» тақырыптары қамтылды.

«Дарын» Республикалық ғылыми- практикалық Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадаға 9 оқушы қатысты. Барлығы дипломмен марапатталды. Наурыз айында «Абай оқулары» конкурсына 2 оқушы қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Наурыз айының жоспарына сәйкес «Өмір жыры – аналар!», «Наурыз тойы – мереке, салт-дәстүрім береке!» мерекелері өткізілді. Оқушылар көктемгі демалысқа шығуына байланысты қауіпсіздік ережелерін еске түсіріп, қай жерде жүрсе де абай болулары қажет екендігі қатаң ескертілді.

Сәуір айында «Ұлттық ойын-халық мұрасы», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Салауаттылық- саулық негізі» тақырыптарында сайыс сабақтар өткізілді. Мамыр айында атаулы мерекелер атап өтілді. 1-мамыр мектепшілік сайысқа қатыстық, 7-мамыр және 9-мамыр тәрбие сағаттары өтті. Сонымен қатар «Әке- отбасы дінгегі», «Дені саудың - жаны сау» және «Табиғаттан нәр алып» тақырыптары да қамтылды.

2022-2023 оқу жылының соңында 4«В» сыныбында 20 оқушы, оның 11-і ер бала, 9-і қыз бала болды. Оқу жылын осы 20/10 оқушымен аяқтады. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.

Сынып жетекшісі: Д.К.Канганова

